

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

аудиторияға оның сөйлеу портретін салуға, яғни оның жеке басы туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ішкі дүниетанымы оның тілдік бейнесі тікелей өз атынан баяндалған, бірақ «ресми» субардинация жоғары деңгейде сақталған.

Мәдениет және спорт министрлігінің мына жазбасында алдағы уақытта орындалатын іс-әрекеттер үшін ресми хабарлама жасайды. Бірақ мәтіннің тұла бойы публицистикалық стильде баяндалған. Ресми хабарламаның публицистикалық стильде баяндалуы: «Ақмола облысы мен Шығыс Қазақстан облысының екі кәсіпкеріне туристік автобустар сатып алғаны үшін 11 млн теңге өтеледі. Сондай-ақ, биыл еліміз бойынша 576 санитарлық-гигиеналық торапты ұстауға арналған шығындарды өтеу көзделген» (28 ақпан 2023 жыл) [4].

2-наурыз күні жарияланған мына жазбадағы ҚР мәдениет және спорт вице-министрі Нұрқиса Дәуішовтың ресми жиында сөйлеген сөзіне мән берсек, таза ресми стильдегі ресми хабарлама екенін аңғарамыз: «2023 жылдың қаңтарынан барлық санаттағы қызметкерлердің айлығы өскенін атап өту керек. Бұл басшылар мен жетекшілер, негізгі персоналмен қатар, еден жуушы, күзетші, бахтер секілді жұмыскерлердің де еңбекақысы көтерілді» (2 наурыз 2023 жыл) [4] Осы парақшалар мен инстаграм желісінде жарияланған жазбалар бүгінгі зерттеу жұмысымыздың жаңа бір бағытта екендігін аңғартады. Қазіргі коммуникативті кеңістік сөйлеу жанрларының теориясы тұрғысынан сипатталуы мүмкін қарым - қатынастың жаңа түрлерін ұсынады. Сөйлеуді зерттеу – белсенді дамып келе жатқан бағыт [5]. Мақаладағы мысалдар ресми сөйленген сөздердің инстаграм желісінде жазба арқылы жарияланғандары. Виртуалды коммуникацияның бұл жанры виртуалды әлеуметтенудің кең мүмкіндіктерін ашады және интернет лингвистикасы үшін зерттеудің жаңа өзекті саласы болып табылады[6].

Қорытындылай келе, Инстаграм желісінде жарияланған ресми хабарлардың тілі – бірнеше стильдерді қамтитынына көзіміз жетті. Әрі көпшілікке жеткізілген жаңалық, әрі жалпы халыққа жолданған ресми жазбалар. Сонымен қатар, эмоцияналды-экспрессивті қызметі ресми хабарлардан көркем әдебиет пен ауызекі сөйлеу стилін де байқатты. Сан алуан стильдерді бір жазбада жинақтаған инстаграм желісіндегі ресми хабарлар лингвистиканың жаңаша бір сипаты десек те болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. М. Балақаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов, Б. Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы : оқулық / Алматы: Дәуір, 2005. – 254 б.
2. <https://www.instagram.com/p/Cn1SEctITnT/?igshid=MDM4ZDc5MmU=>
3. https://instagram.com/tokayev_online?igshid=MDM4ZDc5MmU=
4. https://instagram.com/madeniet_sport_ministrliqi?igshid=MDM4ZDc5MmU=
5. Седова К.Ф. Антология речевых жанров: повседнивная коммуникация/М.: Лабиринт,2007. – 320 с.
6. Карпоян С.М. Instagram как особый жанр виртуальной коммуникации/Филологические науки: Грамота,2015. – 84-88 С.

ӘОЖ 81`373.421

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СИНОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Нығыметулина А.Ғ.

garifullaevna03@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ. Саркенова

Мағжан шығармалары – терең ойлы поэмалары, сырлы лирикасы бүгінгі күні де мәнін жоймаған туындылар. Өз өлеңдерінде синонимдерді өзінше қолданған, шығармаларында синонимдердің барлық түрлерін әрі түрлі жасалу үлгілерін, қолдану тәсілдерін пайдаланған. Қай өлеңін оқып, талдап көрсек те ақын синонимдерді контекстке байланысты қолданған, өлеңдеріндегі сөздердің мағыналары өлеңнің мазмұнына сай бір-бірімен үйлесіп, мағыналас болып кетеді. Сол себепті, жан-жақты зерттеліп келе жатқан бұл синонимдер мәселесін, олардың көркем әдебиетте қолданылуын одан әрі тереңнен қарастырып, зерттеуіміз қажет. Өйткені, тіліміздің дамып жетілуі, оның сөз байлығынан, оралымдығы синонимдердің молдығынан көрінеді. Көркем әдебиетте синонимдердің көптігін, тіліміздің байлығын дәлелдеген Мағжан ақынның шығармашылығы – осының айқын көрінісі.

Синоним сөздер – кез келген тілдің қаншалықты дамығандығын, оның оралымдығын көрсететін сөз байлығының құнарлы бір саласы. Олар әр халықтың ұлттық ерекшелігін де танытады. Сөз логикалық дәлдігімен, ойлаған ойдың реңктерін өз бояуымен нақтылы көрсете алса ғана мәнерлік сипатқа ие болады. Қазіргі кезде тіліміздегі синонимдер мән-мағынасы мен қолдану аясына қарай сала-салаға бөлініп, саралана бастады. Бірақ бүтіндей бір-бірінен жігі ажырап кетті деп айту әзірге қиын. Қазақ тілінің синонимдері саны мен көлемі жағынан өте бай. Синонимдердің қолдану өрісі өте кең, сөйлегенде, жазғанда белгілі бір ойды сегіз саққа жүгіртіп, тілді соншалықты оралымды етеді. Кез келген тілді алсақ, синонимдер — сол тілдің сөздік құрамы мен сөз байлығының дәрежесін байқатар көрсеткіш. Оның тілдегі сөздік қордың дамуына емес жалпы көркем әдебиеттің, өнердің кемелденіп, толысуына, көркем сөздің жетілуіне, күнделікті өміріміздегі қарапайым сөйлеу тілінің нәрленіп, қалыптасуына тигізер әсері мол.

Синонимдер, біріншіден, әдеби тілдің жоғары талғамды болуын қажет етсе, екіншіден, қарапайым сөйлеу тілінің әдеби тіл дәрежесіне көтерілуіне әсерін тигізді. Әр адамның ойлаған нысаналы мақсатына, көңіл-күй, көзқарасының әуеніне қарай айтайын деген сөзін, пікірін басқа кісілерге нақтылы, дәл әрі көркем етіп жеткізуде синонимдердің атқаратын қызметі соншама үлкен. Кімде-кім мәндес сөздердің нәзік мағыналық ерекшеліктерін дұрыс аңғарып, керекті жерінде лайықтап қолдана білген болса, ондай адамның сөйлеген сөзі, жазған еңбегі соншама мәнерлі де тартымды болмақ.

Тілдегі синонимдер – қоғамдық-әлеуметтік факторларға байланысты өзгеріп отыратын құбылыс. Жалпы тіл білімінде синонимия құбылысына қатысты бірқатар зерттеулер бар. Оған қазақ тіл білімінде – Ә.Болғанбаев, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Қалиев, М.Серғалиев, Ф.Оразбаева, А.Османова, орыс тіл білімінде – С.Г.Бережан, Ю.Д. Апресян, А.П. Евгеньева, В.А. Новиков, түркітануда Г.Амиров, Б.Абдуллаев, А.Ходжиев, т.б ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Тұлғалық жағынан әр алуан болғанымен, мағыналары бір-біріне жақын, мәндес сөздердің жүйелі тобы – синонимдік парадигманы құрайды. Синонимдердің ерекшелігі мазмұндары бір-біріне жақын, іргелес ұғымдарды анықтайды, семантикалық белгілері әр түрлі сипатта болып, сырттай дифференцияланып тұрады.

XIX ғасырда сөздердің синоним деп табылуы тек контекстке байланысты қарастырылып, тіл және сөйлеу жүйесіндегі синонимдер аражігі ажыратылады. Ғалым У.И.Уемов орыс тілі мамандарының синонимдерге берген әртүрлі анықтамаларын үш топқа бөліп көрсетеді. Синонимдерді орын ауыстырымдылыққа байланысты қарастыратын ғалымдар сөздердің семантикасын басшылыққа алса, енді бір топ зерттеушілер сөздердің қолданыстық ерекшелігін негізге алады. Ал, Ю.Д. Априесян синонимдердің орын ауыстырымдылығын синонимдердің үйлесімділік қасиетімен байланыстырады. Қазақ тіл білімінде орын ауыстырымдылық туралы Ә.Болғанбаев: «Синоним сөздердің кез келген контексте бірінің орнына бірі жалпылама ауыстырылып қолданыла беруі шартты айырым-белгілерге міндетті заң болып енбейді» – дейді.

Ең алғаш қазақ тіл білімінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Тіл қисыны» атты мақаласында синоним деген терминді қолданбағанымен, оның қасиетін дәл тауып, айқындап айтып берді. «Біздің қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білу

және сөздерді сөйлем ішінде орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде жалғыз ауыз амандасу жүзінде әркім әр түрлі сөз қолданады. Бәрінің де ой мақсаты бір, бәрінікі амандық, бірақ әркім әр түрлі сөз қолданып өзінше сұрайды. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша тұтынған сөздер сол адамның тілі болады», – дейді. [1,14].

Синонимдерді алғаш арнайы зерттеген ғалым – Ә. Болғанбев. Ғалымның 1957 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер» атты зерттеу еңбегінен бастап, «Қазақ тіліндегі синонимдер», «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі» атты еңбектері жарық көрген. Синтаксистік синонимдерді М.Серғалиев, етістік синонимдерді О.Жұмашев, А.Османова, сын есім синонимдері Ф.Оразбаева секілді ғалымдар зерттеді. Қазақ тілі білімінде фразеологизмдердің синонимдерге қатысы жөнінде Ө.Айтбаев, Г.Смағұлова, сияқты ғалымдардың еңбектерінде талданады. Синонимдердің көркем шығарма тіліндегі стильдік қызметі Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Б.Шалабай, Ф.Мұсабекова сияқты ғалымдар еңбектерінде сөз болады.

Дыбысталуы әр басқа болғанымен, мағынасы жақын сөздер синонимдер делінеді. Синонимдер омонимдерге қарама-қарсы тұрған лексика-семантикалық тілдік құбылыстар. Омонимдер ұғымы басқа, дыбысталуы бірдей бірнеше сөз тобын білдірсе, синонимдер, керісінше, ұғымы бір, әр түрлі дыбысталып айтылатын сөздер тобы. Синонимдер мағыналары жақын сөздер дегенмен, мағыналары тепе-тең болуы керек деген түсінік тұрмауы керек. Сөз бен сөздің мағыналық байланысы жанама, тікелей түрде де бола береді. [2, 104].

Мағжан өлеңдеріндегі синонимдердің қолданылуы. Мағжан өлеңдеріндегі сөзбен өрілген сырлы суреттер адамның көңіл көкжиегін от боп, сәуле боп серпілтіп, жарқыратып аша түседі. Ақын өзінің таным талғамын бедерлі сөз, кермек оймен, тіл өнерінің мейлінше айқын бояуларымен жеткізіп, сезім пернелерін дөп басады, шын мәнісіндегі өлең құдіретін еріксіз мойындатады. Ол өзінің өлеңдері мәнерлі, мазмұнды, әдемі, суретті болуы үшін синонимдерді шебер қолданған. Ақын шығармаларында барлық түрлері кездеседі. Мағжан Жұмабаев өзінің қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған, оның асқар асуларынан өтіп бойға қуат, ойға нәр алған біртуар, әмбебап зиялы қайраткер. Мұхтар Әуезов: «...Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Мағжан – культурасы зор ақын. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ, түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңнен терген ақын болмайды, заманнан басы озық, ілгерілеп кеткен ақын болады...» [8, 5].

Синонимдердің Мағжан ақынның өлеңінде қолданылуын кесте арқылы беруге тырыстық.

1-Кесте. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінен синонимдерге байланысты мысалдар:

«...ҒА- ға»	Мейірімсіз тағдыр құрған түсін, Қайырымсыз қара салқын жерді құшып, Тас жүрек , көңілі қара жауыз жаудың Қолынан құлдық, қорлық уын ішіп...	мейірімсіз, қайырымсыз, және тас жүрек деген сөздері мағыналық синонимдерге жатады. Градация тәсілі арқылы жай сөздермен басталып, тұрақты тіркеспен тұжырымдалады.
----------------	---	---

«Мен жастарға сенемін»	Арыстандай айбатты , Жолбарыстай қайратты , Қырандай күшті қанатты Мен жастарға сенемін! Көздерінде от ойнар, Сөздерінде жалын бар...	айбатты, қайратты, күшті синонимдері кездеседі. Синонимдер сөздігін алып қарайтын болсақ, қайратты және күшті сөздері синонимдес те, ал «айбатты», қаһарлы, айбынды деген сөздермен синоним болады екен. Бірақ, ақын қолданысында контекстегі мағына жағынан бұл үш сөз бір-бірімен синоним болып тұр.
«Ж...ға»	Талай жылан арбар, қабан қорқытар, Қорықпа, арбалма біріне де болма жар. Өтер жылдар – қайғырамыз, күлеміз Өтер жылдар – сарғаярмыз кеберміз , Өтер жылдар – ұлғаярсың, өсерсің Өмір – көпір, қалайда оны кешерсің.	Осы өлеңінде қорықпа, арбалма сөздері мағыналық синонимдер, өмірдің бірнеше әр алуан өткелдері бар, соған байланысты сарғаямыз, кеберміз; ұлғаярсың, өсерсің деген сөздері мысал болып келеді. Күзде ағаштағы жапырақтар сарғаяды одан кейін кебеді, ақын осы жапырақ бейнесін адам өмірімен теңестіріп қолданған.
«Мағарр и сөздер»	Шетке даңқы, атағы асып кеткенде Қарсы болар ауылында ағалар!	даңқы, атағы сөздері мағыналас синонимдер қатарына жатады.
«Өнер-білім қайтсе табылар»	Жақын, туған, бауыр! – деп, айналмаса Қатын-сатын дегенге байланбаса Тынықпай, дамыл алмай , ертелі-кеш Ізденсе, кідірмесе, жайланбаса Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе, Мылқау, меңіреу адамды қас деп білсе...	тынықпай, дамыл алмай; ізденсе, кідірмесе, жайланбаса; мылқау, меңіреу сөздері мағыналас синонимдер болып саналады. Байқап отырсақ, бір ғана үзіндінің өзінде осыншама синонимдердің қолданылуы Мағжан ақынның ақындық қуатының күшті екенін, суреткерлік қасиетінің биік дәрежеде екенін аңғартады.
«Қарағым»	Кідірме, аялдама , алға ұмтыл Алам деп көктен жұлдыз қолың серме	кідірме, аялдама синонимдері мағыналас синонимдер болып табылады.
«Жүсіп хан»	...Хан қуанып қопандап , Қоразданып қоқандап ... Бейне маймыл маймандап , Біресе, бейне жайнандап , Біресе, бейне түнеріп... Өзі кетті ырбиып , Ерні кетті дүрдиіп , Қолы қалды тырбиып ...	Осы үзінділердегі қопандап, қоқандап; маймандап, жайнандап; ырбиып, дүрдиіп, тырбиып сөздері кекесін-мысқыл мәніндегі контекстік синонимдер.

«Айға»	<p>Кең дала, көресің ғой ана жатқан, Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан. Асқар тау, балдан тәтті сулары бар, Әне сол анам еді мені тапқан...</p>	<p>биік тау дегеннің орнына ақын асқар тау деп қолданған. Яғни, поэтикалық реңк беріліп тұр.</p>
«Жүсіп хан»	<p>Аббас таққа шоңқиды, Қол тоқпағы қоңқиды...</p>	<p>шоңқиды және қоңқиды сөздері стильдік синоним болып есептеледі.</p>
«Домбыра»	<p>...Бейшара, бақытсыз қарындасым. Домбыра да күңіренеді, зарлайды, жылайды...</p>	<p>Бұл өлең жолдарына үңілсек, күңіренеді; зарлайды; жылайды; деген синонимер градация жолымен өзгерген.</p>
<p>Ескерту – [8] дереккөз негізінде құрастырылған</p>		

Бұл ғылыми мақаланы жазу барысында бүгінгі күнде аса маңызды мәселе болып саналатын, өзінің өзектілігін жоймайтын «Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы синонимдердің қолданылуы» тақырыбын танып-білу, зерттеуге біршама іргелі жұмыстардың жүргізілгеніне көз жеткіздік. Синоним мәселесінің зерттелуі, оның дамуы жайында құнды деректермен танысып, ғылыми еңбектердің алатын орны, маңызының жоғары екендігін білдік. Қазақ тіл білімі саласында, осы тақырыпты жан-жақты зерттеп, талдау жұмыстарын жасаған А.Байтұрсынұлы, Ә.Болғанбаев, К.Аханов, І.Кеңесбаевтың, М.Серғалиевтің еңбектері аса құнды.

М.Жұмабаев өлеңдерінде қолданылған синонимдер арқылы ғылыми негізде дәлелдеуге көңіл бөлініп, бұл мәселе зерттеу еңбегімізде көптеген деректер, талдау-саралау негізінде жан-жақты сөз етілді. Синонимдердің қоғамдағы маңызының аса жоғары екенін түсініп, тарихы жөнінде толық ақпараттар қарастырылды.

Қорытындылай келгенде, Мағжан ақынның өлеңдері арқылы синонимдердің қолданылу аясы өте кең екенін білуге болады. Соңғы кезеңдерде синоним тақырыбы көптеген зерттеушілердің назарын аударып отыр. Өйткені синонимдер – әрбір халықтың өз игілігі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. [Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы.](#) – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер. – Алматы, 1970.
3. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 115 б.
4. Ефимов А. Об изучении языка художественных произведениях. – Москва, 1963. – 325 с.
5. [Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Оқулық, 3-бас.](#) – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
6. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
7. [Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы.](#) – Алматы: Зият пресс, 2004. – 64 б.
8. [Жұмабаев М. Өлеңдер, дастандар. 1-том](#) – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
9. [Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдері.](#) – Алматы: Мектеп, 1988. – 127 б.
10. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 640 б.

ӘОЖ 81'373.421

СИНОНИМ СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ТҰРҒЫДАН ҚАТЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Оркенқызы А.

ayaulymo37@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ.Саркенова

Синоним – екі не одан да көп сөздердің бір ұғымды аңғартуы. Синонимдер бір-бірінен мағыналық реңктерімен, эмоционалды-экспрессивті бояуымен, белгілі бір жанрға тән стильдік белгісімен, қолдану өзгешеліктерімен, басқа сөздермен мағыналық байланысымен ерекшеленеді [1]. Синонимдердің нақты қасиеті туралы да бірізді пікір жоқ: ғалымдардың бір тобы синонимдерді тек бір ұғымға қатысты сөздер десе, басқа тобы оның басты белгісі деп бір-бірін алмастыра алу мүмкіндігін айтады. Ал үшінші тобы мағыналық жақындықтың болуы жеткілікті деп көрсетеді [2]. Қалай алып қарасақ та, әр пікірдің астарында бір шындық жатыр.

Қазір синонимдерді тілде сауатты қолдана білудің маңызы жоғары. Оларды бейберекет бірінің орнына екіншісін жұмсай беруге де болмайды, себебі, жоғарыда айтқандай, синоним сөздер бір ұғымды әртүрлі жағынан танытады, яғни олардың бәрі бір-бірін толық алмастыра беретін вариант сөздер бола алмайды. Синонимдік қатардағы әр сөздің мағынасын терең түсіне білу ғана бүгінгі теледидар, газет, радио журналистерінің аузында жүрген стильдік қателердің біразын кемітуге септігін тигізеді. Синоним қолданып, біршама сөздерді алмастырудағы олардың басты мақсаты, байқағаным бойынша, біріншіден, тавтологиядан қашу, екіншіден, эстетикалық, эмоционалды-экспрессивтік тұрғыдан тыңдарман, оқырман, көрерменге күштірек әсер ету. Маңызды міндеттер қатарына осылар қосылып кетіп, мәтіннің, хабардың ішіндегі көптеген алмастырулар салдарынан стильдік тұрғыдағы қателердің белең алып бара жатқандығын көреміз. Бір өкініштісі, бұл қателер халық арасында да кеңінен тарап, қалыпты жағдай ретінде қабылданады.

Осындай синонимдерден болған стильдік қателердің біразы тавтологиядан қашу салдарынан кетеді дедік. Мысалы, «Үй іші түгел жұмыссыз отырған отбасыға мемлекет тарапынан әлі толыққанды көмек берілген жоқ» десек, «түгел» мен «толыққанды» деген синонимдерді байқаймыз. Автордың қайталаудан қашқаны белгілі. Алайда, «толыққанды» сөзінің «түгел» сөзін толық алмастыра алатындай қуаты жоқ екенін назардан тыс қалдырмаған жөн. Оның ең үлкен, басты себебі – «толыққанды» деген сөздің, шынында, калька болуы. Ол орыстың «полнокровный, полноценный» дегенінен шыққан тура аударма. Одан сорақысы, тавтология қаупі төнбей тұрған сөйлемдерде де «түгел» мен «толыққандының» жапсарласа қолданылуы. Мысалы, «...Облыс әкімі Райымбек ауданының әкімі Жолан Омаровқа тиісті органдармен бірлесіп, Нарынқолдағы көп қабатты тұрғын үйлерді түгел толыққанды зерделеп шығуды тапсырды» [3] - делінген ult.kz сайтының жариялаған жаңалығында «түгел» мен «толыққанды» бірге жүр. Мұндағы мақсат әкімнің тапсырмасының қаталдығын баса көрсетіп айту екені түсінікті, бірақ бұдан журналистің өзі стильдік жағынан қате сөз тіркесін қолдан жасап алғанын көреміз.

Ендігі кезекте бір-бірінен нендей айырмашылығы бар екеніне көптің назары аумай, әркім өз ұнағанына қарай қолданып жүрген синонимдерге келсек. Алдымен «сынды-секілді-сияқты-тәрізді» шылауларына тоқталайық. «Алматы сынды алып қаладағы электр жүйесін жекенің қолына беруге бола ма?!» [4] - деген Astana.tv арнасының жаңалығында «сынды» шылауы қала атымен тіркесіп айтылады, бірақ «сынды» шылауын тұлғаларға қатысты айтқан дұрысырақ. Одан басқа «әзірлеу-дайындау-пісіру» деген сөздер өзара мағыналас болады,